

№ 5 Дәріс. Әлеуметтену және бірегейлік

Сабактың жоспары

1. Әлеуметтену теориялары
2. Әлеуметтену агенттері.
3. Әлеуметтену және инклюзивті бірегейлікті қалыптастыру

Дәрістің мазмұны

Кіріспе Әлеуметтену мен бірегейлік арасындағы байланысты зерттеу қазіргі қоғамдағы адамның әлеуметтік даму үдерістерін, оның өмірлік тәжірибесін, тұлға ретінде қалыптасуын терең түсінуге мүмкіндік береді. Қоғамдағы жаһандану, ақпараттық технологиялардың дамуы, мәдени алмасулар және әлеуметтік құрылымдардың өзгеруі адамның бірегейлігі мен өзіндік идентификациясына әсер етуде. Сонымен қатар, әр түрлі әлеуметтік топтар арасындағы мәдени және әлеуметтік айырмашылықтар адамдардың өзін-өзі қабылдауына және қоғамда өз орнын табуына ықпал етеді.

Мақсаты — білім алушыларға әлеуметтену мен бірегейлік үдерістерінің қоғамдағы рөлін түсіндіріп, олардың жеке тұлғаның дамуына, әлеуметтік қатынастарға және қоғамдағы рөліне қалай әсер ететінін көрсету. Сонымен қатар, осы процестердің әлеуметтік құрылымдар мен мәдениетке қалай байланысты екенін, бірегейлік пен әлеуметтенудің қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтар үшін қандай маңызға ие екенін ашу болып табылады.

Міндеттері:

- Әлеуметтенудің теориялық негіздерін зерттеу;
- Әлеуметтену агенттерін талдау;
- Әлеуметтену мен бірегейлік процестерінің дағдарыс жағдайларында өзгеруі;
- Әлеуметтік интеграция және қоғамдағы әлеуметтік рөл;
- Бірегейлік және инклюзия арасындағы байланысты зерттеу

Негізгі бөлім.

1. Әлеуметтену - мәдениетке және қоғамға араласу үшін қажетті ережелерді, тәжірибелерді және құндылықтарды үйрену процесі. Яғни адам болуды үйрену, қоғамға бейімделу болып табылады.

Әлеуметтенудің басты сипаты әлеуметтік рөлдерді үйрену болып табылады. Рөлдерге белгілі бір әлеуметтік жағдайдағы кез келген адамнан күтілетін мінез-құлық пен ойлау тәсілдері жатады. Аналар, мұғалімдер, студенттер мен ғашықтар - бәрі де өз рөлдерін атқарады.

Құрылымдық-функциялық теория. Құрылымдық функцияшылдар мектеп, діни мекемелер, отбасы және басқа да әлеуметтік меке- мелер балаларды әлеуметтік өмірге еркін араласуы үшін әлеуметтендіреді деп санайды. Отбасында балалар өз-өзін ұстауды, мектепте уақытқа және ережелерге бағынуды, ғибадат ететін орындарда рәсім жасауды (намаз оқуды немесе дұға етуді), жақсы мен жаман, дұрыс пен бұрыс туралы дәстүрлі сенімдерді құрметтеуді үйренеді.

Құрылымдық функционализм тұрғысынан алғанда осылай әлеуметтену ортақ игілік үшін қызмет етеді. Әлеуметтенудің арқасында жастар қоғамның бақытты әрі айтулы мүшесі бола алады. Ең жақсы жағдайда әлеуметтену құрылымдық функцияшылдардың сенімдеріне сай жұмыс істейді. Балалар ересектер әлеміне бейімделуді және болашақтағы өзгерістерге дайын болуды үйренеді.

Конфликт теориясы

Конфликт теориясындағы әлеуметтенуге қатысты көзқарас құры- лымдық функционализмге кереғар болып келеді. Құрылымдық функционализм әлеуметтену барлық

адамдарға пайда әкеледі десе, конфликт теориясы тек билік өкілдеріне ғана пайдалы деген болжам жасайды.

Конфликт теориясы әлеуметтену теңсіздікті арттыратын механизмдерді үдететінін баса көрсетеді. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, ата-аналар қыздарға қарағанда ұл баланы жоғары бағалап, балаларын соған сай тәрбиелейді, мысалы, қыздан кешкі астан кейін ыдыс-аяқты жууды талап етсе, ұлға ойнауға рұқсат береді. Ал келесі бір зерттеушілер мұғалімдердің жұмысшы тап балаларын жазалау, мойынсұнуға үйрету арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін аяқасты етіп, жұмысшылар қатарын толтыруға мүдделі болуына көмектесетінін айтады.

Символдық интеракционизм теориясы адамдар мен топтардың адам мінез-құлқына және жағдайына қаншалықты ықпалы бар екенін қарастырады. Толықтыра түсетін болсақ, символдық интеракционизм теориясы әлеуметтенуді көбінесе жеке адамның өзін-өзі бағалауы мен әлеуметтік рөлдері тұрғысынан зерделейді. Символдық интеракционизм теориясы әлеуметтенуді талдауда екі негізгі ұғымға ден қояды, олар - «Мен» тұжырымдамасы мен рөлді қабылдау.

«Мен» тұжырымдамасы

Чарльз Хортон Коули (1902) символдық интеракционизмді өзін-өзі бағалауды дамыту тұрғысынан сипаттады. Өзін-өзі бағалау - әрбір адамның өзін-өзі жеке тұлға ретінде тануы және қоғамдағы алатын орнына байланысты кім екендігін топшылауы. Коули бізді басқалар қалай деп қабылдаса біз де өзімізге солай қарауды үйреніп, өзімізді бағалауымызды дамытуды ұсынды. Ол мұны «мен» тұжырымдамасы деп атады. Коулидің көрсетуінше, «мен» тұжырымдамасын қалыптастыру үш қадамнан тұрады:

- 1) сізді өзгелердің қалай қабылдайтынын елестетіңіз;
- 2) тұлғаңызға қарап, басқалардың сіз туралы қандай ой түйетінін елестетіңіз;
- 3) сіз бұл пайымдауларды саралап, қабылдайсыз не қабылдамайсыз.

Мысалы, дәріс кезінде студенттері ұйықтап отырса, оқытушы студенттер мені нашар оқытушы деп санайды деген қорытындыға келуі мүмкін. Ол өзінің оқыту қабілетіне қатысты өзгелердің көзқарасын қабылдап, басқа жұмыс іздеуге ұйғаруы ғажап емес. Алайда ол әріптестерінің өз оқыту әдістемесін мақтаған кезін немесе басқа студенттерінің дәрісті қалай бағалағанын есіне түсірсе болды. Сөйтіп, ол осы семестрде келген студенттердің оқытушы білімін бағалау деңгейі жеткіліксіз деген қорытынды жасай алады.

Біз өзіміз туралы тұжырымдаманы анықтауға белсене араласамыз, кімнің пікірін қабылдау керектігін таңдай отырып, басқа адамдардың пікірлерін түсіну үшін басымыздан өткен тәжірибені қолданамыз.

Рөлді қабылдау

Мидтің айтуынша, рөлді қабылдау бала кезде, отбасының құқықтары мен міндеттерін білу керек болғанда басталады. Баласы ретінде бізден не күтетінін түсіну үшін әке мен ананың көзқарасын білуіміз керек. Біз өзімізді ата-анамыздың көзқарасы арқылы көруді және солардың пікірі бойынша мінез-құлқымызды бағалауды үйренуіміз тиіс. Олардың ой-пікірлері мен өзіміздің қалауымызды білген кезде өз міндеттерімізді түсіне аламыз.

Мид балалар қоғамда қалай әрекет ету керектігін ойын арқылы дамытатынын айтады. Үйде анасы тамақ пісіріп, әкесі жөндеу жұмыстарын жасап жүрсе қыз ойыншық пешпен, ұл ойыншық балғамен ойнауды қалыпты деп есептейді.

2. Отбасы

Әлеуметтенудің ең маңызды агенті - отбасы. Баланың отбасында мейірімге бөленуі мен тәрбие көруі оның ой-сана (когнитивті), эмоциялық және физикалық тұрғыдан қалыпты дамуы үшін өте маңызды. Сонымен қатар адамның алғашқы ұстазы - отбасы мүшелері, яғни ата-анасы, кей жағдайда ата-әжесі, өгей ата-анасы немесе басқа адамдар. Олардан бала аяқкімнің бауын байлауды, қалам ұстауды ғана үйренбейді, сонымен бірге өмір сүру үшін аса қажет жайттарды - мақсат қоя білуді, сенім білдіруді т.б. үйренеді.

Жаңа туған нәрестенің физикалық қажеттіліктерін қанағаттандыратын іс-шаралар әлеуметтік өзара әрекеттесудің негізін қалайды. Мәселен, баланы тамақтандыру мен оның жаялығын ауыстыру кезінде анасы оны құшақтайды, күлімсіреді, сөйлеседі. Бұл тәрбиелеу шаралары аса маңызды, себебі бұлар болмаған жағдайда баланың әлеуметтік, эмоциялық және физикалық өсуі тежеледі.

Қатарластар тобы

Қатарластар тобы дегеніміз-жастары және әлеуметтік мәртебесі бірдей адамдар. Осы топтың әр мүшесі қатарлас деп аталады. Көптеген балалар осы топқа кіруге үлкен мән береді және сол топтың мәдениетін тез қабылдайды.

Бір-бірімен араласатын балалардың киім кию үлгісі мен іс-әрекеттері ұқсас болып келеді. Мейлі олар чирлидерлер, жақсы оқитын студенттер тобы немесе банды болсын, қатарластар топ мүшелеріне сол топқа сай болу жөнінде талап қояды. Ересектердің бақылауынсыз достарымен көбірек уақыт өткізген балаға достары міндетті түрде әсер етеді.

Нәтижесінде, қатарластардың құндылықтары мен өмір салтына сай болуға ұмтылу отбасында кикілжіңдердің туындауына әкеп соқтырады, мысалы, баланы құрдастары тіліне сырға тағуға үгіттейді, ал ата-анасы бұған наразылық білдіреді.

Мектептер

Әлемде мектеп жасындағы балалар үшін әлеуметтенудің маңызды агенті - мектеп.

Кедей елдерде де, бай елдерде де мектептер негізгі дағдылар мен техникалық білімнен әлдеқайда көп нәрсе үйретеді. Олар, сондай-ақ қоғамның басым топтарының немесе мәдениетінің ортақ құндылықтарын береді. Бұған қоса мұғалімдер балаларға бір орында отыруды, тапсырмаларды орындауды және басқаларға сай болуды үйретеді.

Сонымен қатар мектептер балаларды басқалармен бәсекелесуге және өздерін де, өзгелерді де жеткен жетістіктеріне қарай бағалауға баулиды. Қорыта келгенде, мектеп - еңбекке, қызметке, әскерге және басқа да ұйымдарға дайын- дайтын жаттығу алаңы.

Бұқаралық ақпарат құралдары

Өмірімізді теледидар, веб-сайттар, подкастар, журналдар, фильмдер, билбордтар және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларынсыз елестету мүмкін емес.

Бұқаралық ақпарат құралдары - қарым-қатынастың ауқымды аудиторияны қамтуға арналған барлық формасы.

Әлеуметтену үшін ең маңызды бұқаралық ақпарат құралы - интернет екені сөзсіз.

Кейбір зерттеулерге қарағанда интернет арқылы үнемі көретін кейіпкерлердің алдамшы көзқарастарына еліктеу арқылы өз көзқарастарымыз бен мінез-құлқымызды жетілдіре аламыз

Дін

Әрбір қоғамда дін - дербес бағыт-бағдар берудің маңызды құралы. Діни доктринаның құндылықтары мен адамгершілік ұстанымдары жалпы құндылықтар мен көзқарастарға бағыт-бағдар береді. Дін арқылы қалыптасқан құндылықтар әлеуметтенудің басқа агенттері арқылы құралған идеалдарға сәйкес келеді. Мысалы, діни білім беруде оқытылатын Алтын ереже («Өзгелер сізбен қалай қарым-қатынас жасағанын қаласаңыз, өзіңіз де солай жасаңыз») мен үйде немесе мектепте айтылатын ақыл-кеңестер бір мазмұнда деуге болады.

Әлеуметтену және инклюзивті бірегейлікті қалыптастыру — қазіргі қоғамның аса маңызды әрі өзекті мәселелерінің бірі. Бұл үдерістер жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуін, қоғамда өз орнын табуын және әлеуметтік топтар арасындағы теңдікті қамтамасыз ету үшін қажет. Әлеуметтену үдерісінде адамның бірегейлігі қалыптасады, ал инклюзия оны қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қабылдайды, барлық мүмкіндіктер мен ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

3. Әлеуметтену және инклюзивті бірегейлікті қалыптастыру:

Әлеуметтену — адамның әлеуметтік нормалар, құндылықтар, мінез-құлық ережелері мен рөлдерге бейімделу процесі. Әлеуметтенудің басты мақсаты — адамның қоғамдағы орны

мен рөлін анықтап, оған белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесі болуға мүмкіндік беру. Бұл үдеріс тұлғаның жеке көзқарастарын, мінез-құлқын және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырады.

Инклюзивті бірегейлік ұғымы:

Инклюзивті бірегейлік — әртүрлі әлеуметтік, мәдени, этникалық, экономикалық топтар мен жеке тұлғалардың өздерінің ерекшеліктерін сақтай отырып, қоғамда бірдей мүмкіндіктер мен тең құқықтармен өмір сүруі. Инклюзияның басты идеясы — барлық адамдардың әлеуметтік процестерге тең дәрежеде қатысуы және қоғамның әрбір мүшесінің өзін-өзі тану мүмкіндігіне ие болуы.

Инклюзивті бірегейлікті қалыптастыруда маңызды элементтер:

Тең құқықтық қатысу: Барлық әлеуметтік топтар мен индивидтер үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктер беру.

Әртүрлілікті қабылдау: Әр адамның мәдени, этникалық, әлеуметтік ерекшеліктерін, гендерлік және басқа да айырмашылықтарын қабылдап, құрметтеу.

Қоғамдық интеграция: Әлеуметтік топтар мен индивидтердің бір-біріне интеграциялануын қамтамасыз ету, алайда бұл процесте әр адамның бірегейлігін сақтауы маңызды.

Әлеуметтік мобильділік: Әлеуметтік теңсіздікті азайтып, әр адамның қоғамда өз әлеуетін ашуына мүмкіндік беру.

Әлеуметтену мен инклюзивті бірегейліктің өзара байланысы:

Әлеуметтену мен инклюзивті бірегейліктің арасында тығыз байланыс бар. Әлеуметтену процесі адамның жеке тұлғасын қалыптастырып, оның қоғамға бейімделуіне көмектеседі. Бұл үдерісте индивид өзінің жеке бірегейлігін таниды, қоғамдағы орнын түсінеді. Инклюзивті бірегейлік осы үдерісті қолдайды, яғни әлеуметтік бейімделу тек қоғамның жалпы қабылданған нормалары мен құндылықтарына сәйкес болумен қатар, әр адамның өзіндік ерекшеліктері мен мәдениетінің бағалануы мен құрметтелуін талап етеді.

Әлеуметтенудің инклюзивті бірегейлікке әсері:

Әлеуметтік теңдік: Инклюзияны енгізу арқылы барлық топтарға тең мүмкіндік беріледі, яғни әлеуметтену үдерісі барлық әлеуметтік топтар үшін бірдей қолжетімді болады.

Әлеуметтік интеграция: Әлеуметтену мен инклюзия қоғамның барлық мүшелерінің өз ерекшеліктерін сақтай отырып, бір әлеуметтік құрылымда бірігуіне мүмкіндік береді.

Қоғамдық қатысу: Инклюзивті қоғамда әрбір адам өз бірегейлігін ашып, әлеуметтік қатынастарға толыққанды қатыса алады, бұл оның тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Инклюзивті бірегейлікті қалыптастыру жолдары:

Білім беру жүйесін инклюзивті ету: Әлеуметтік теңсіздіктерді жою және әр түрлі мүмкіндіктері бар тұлғалардың білім алуына мүмкіндік беру.

Әлеуметтік және мәдени алмасуды қолдау: Әртүрлі мәдениеттер мен этникалық топтар арасындағы диалогты дамыту, түрлілік пен инклюзияны насихаттау.

Құқықтық және әлеуметтік теңдік: Әлеуметтік әділеттілік пен теңдік принциптерін іске асыру арқылы әрбір индивидтің тең құқықтарын қорғау.

Жұмысқа орналасу және әлеуметтік қызмет көрсету салаларында инклюзия: Әлеуметтік және экономикалық жағдайы төмен топтарға жұмысқа орналасуда тең мүмкіндіктер беру.

Әлеуметтену мен инклюзивті бірегейлікті қалыптастыру — қоғамның әр мүшесіне тең мүмкіндіктер мен құқықтар беру үдерісі. Бұл үдерістердің өзара әрекеттесуі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктерді азайтып, әр адамның өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, толыққанды әлеуметтік қатысушы болуына мүмкіндік береді. Инклюзивті қоғам әр адамға өзіндік бірегейлігін ашуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде адамдар арасындағы түсіністік пен үйлесімділікті арттырады.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Әлеуметтену дегеніміз не? Оның негізгі мәні мен мақсаты қандай?

2. Әлеуметтену үдерісінің негізгі кезеңдері қандай?
3. Әлеуметтену агенттерін атаңыз және олардың әрқайсысының рөлін түсіндіріңіз.
4. Әлеуметтенудің қоғамдағы әлеуметтік рөлдер мен міндеттерді қалыптастырудағы маңызы қандай?
5. Бірегейлік ұғымы дегеніміз не және ол адамның тұлға ретінде қалыптасуында қандай рөл атқарады?
6. Адамның бірегейлігін қалыптастыруда отбасылық, білім беру жүйесі және қоғамның басқа да институттарының рөлі қандай?
7. Инклюзия дегеніміз не? Оның қоғамдағы маңызы қандай?
8. Инклюзия мен теңдік арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз.
9. Инклюзивті қоғамның негізгі принциптері қандай?
10. Бірегейліктің қоғамдағы инклюзияға қандай әсері бар?
11. Әлеуметтену мен инклюзияның тұлғаның жеке дамуына, әсіресе әлеуметтік мобильділікке әсері қандай?

Әдебиет:

1. Бринкерхоф Д., Уейте Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 464 б., 2018
2. Ритцер Д., Степницки Д. Әлеуметтану теориясы. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 856 б., 2018
3. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: Уч.пособие. – Алматы: Эверо,2016. – 584с.
4. Әбдірайымова Г.С. Жастар социологиясы: оқу құралы. 2-басылым. – Алматы: "Қазақ университеті", 2012. – 224б.
5. Социология. Основы общей теории: учебник / Под ред. Г.В. Осипов, Л.Н. Москвичев. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Норма, 2015. - 912 с.
6. Macionis J. Society: The Basics. Pearson, 2016.
7. Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрэйтс Әлеуметтік зерттеу әдістері — Нұр-Сұлтан : «Ұлттық аударма бюросы», 2020. — 814 б.
8. М. Коннолли, Л. Хармс, Д. Мэйдмент Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы— Нұр-Сұлтан : «Ұлттық аударма бюросы», 2020. — 382 б.